

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ

Ақашева Ә.С.ғ.ғ.к., доцент, Түркешова Ж. 2-курс магистранты. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қаласы


Алматы – еліміздегі ірі қала, Қазақстан Тәуелсіздігінің төл бесігі. Бүгінгі таңда Алматы Қазақстанның ірі экономикалық орталығы. Тұрақсыз экономикалық жағдайға қарамастан мегаполис бизнес-бастамалар үшін келешегі мол инвестициялық алаң болып қала береді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, Алматы қаласының жиынтық өңірлік өнімінің (ЖӨӨ) көлемі 2014 жылы 8 153 984,2 млн теңгені құрады. Бұл республикалық жалпы ішкі өнімнің (40754832,5 млн тг.) жалпы көлемінің шамамен 20,9%-ын құрайды. Бұл ақпарат Алматы қаласының Қазақстан Республикасы экономикасындағы маңызын көрсетеді (1-сурет). Бүгінгі күннің өзінде еліміздің көлемінде Алматы елдегі барлық салық және салықтық емес түсімнің 32%-ын, барлық сауда операцияларының 41%-ын, еліміздегі жұмыс жасайтын халықтың шамамен 15%-ын жұмыспен қамтамасыз етеді. Қаланың үлесіне бөлшек және көтерме сауда тауар айналымының барлық депозиттер көлемі мен несиелерінің 40% тиесілі [1].




1-сурет. ҚР әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша жалпы өңірлік өнім көрсеткіштері (2014 ж. млрд теңге) [1].

2014 жылдың қорытындысы бойынша қала халқының жан басына шаққандағы тиесілі жалпы өңірлік өнім 29 мың АҚШ долларын құрады. Алматы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) деңгейі бойынша Орталық Азияның барлық қаласы мен Ресейдің бірқатар аймақтарынан айтарлықтай алда. Алматының ЖӨӨ Ташкенттің ЖӨӨ-нен 4,5, Омбыдан – 2, Новосібір облысынан 1,5 есе көп (2-сурет).



2-сурет. Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ)

Қаланың ЖӨӨ көлемі мен құрылымы жыл сайын өзгеріске түсіп келеді, бұл өзгеріс өсу бағытында жүріп жатыр (3 - сурет).



3-сурет. Алматы қаласының ЖӨӨ динамикасы [1].

Алматы қаласы халқының саны 2015 жылғы 1 сәуірде 1657,2 мың адам құрап, 2015 жылдың басымен салыстырғанда 0,9%-ға өсті. Бұл көрсеткіштер өткен жылғы сандармен салыстырғанда айтарлықтай жетістік деп айтуға болады.

Кез келген экономикалық аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы оның экономикалық белсенді халқына байланысты болады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық (жұмыс күші) – тауарлар мен қызметтер өндіру үшін жұмыс күші ұсынысын қамтамасыз ететін экономикалық тұрғыдан белсенді халықты өлшеу үшін белгіленген жастағы халықтың бөлігі. Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны экономикалық қызметтің барлық түрлеріндегі жұмыспен қамтылғандарды және жұмыссыздарды қамтиды. Ал экономикалық тұрғыдан белсенді емес (енжар) халық – халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, жұмыспен қамтылғандар немесе жұмыссыздар болып табылмайтын адамдар [2].

Американ экономист ғалымы П. Самуэльсонның ойынша, қоғамдағы еңбек күші төмендегідей факторлармен анықталады:

- тұрғындардың жалпы санымен ;
- жалпы тұрғындар санындағы өз бетінше тұратындардың үлесімен құралады;
- жыл немесе апта бойынша жұмысшының атқаратын орташа санымен;
- жұмысшының жұмсайтын еңбегінің сапасы, саны және біліктілігімен [3].

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеудің деректері бойынша 2014 жылы қаладағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 809,2 мың адамды құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 9,3%-ға өсті. 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, халықтың экономикалық белсенділігінің деңгейі 0,7 пайызға өсіп, 67,1% құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың арасында 764,4 мың адам (94,5%) экономикада жұмыспен қамтылған халық болса, 44,8 мың адам (5,5%) - жұмыссыздар. Ал жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2014 жылы экономикада жұмыспен қамтылған халық 8510,1 мың адамды құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 60,5 мың адамға кем.

1-кесте.

Экономикада жұмыспен қамтылған халық, мың адам [2]

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Қазақстан Республикасы	8114,2	8301,6	8507,2	8570,6	8510,1
Алматы қ.	676,9	699,2	731,0	743,1	764,4

Алматы қаласының статистика департаментінің деректері бойынша 2010 жылы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 2014 жылы 86,8 мың адамға артқан. Мұны Алматы қаласындағы адам санының артуы мен жұмыс орындарының артуымен түсіндіруге болады.

2-кесте.

Жұмыспен қамту мәртебесі бойынша жұмыспен қамтылған халық, мың адам [2]

	2010	2011	2012	2013	2014
Жұмыспен қамтылған халық, барлығы	676,9	699,2	731,0	743,1	764,5
Жалдамалы қызметкерлер, соның ішінде	620,2	638,1	671,5	683,5	704,3
Кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыспен қамтылғандар	553,4	569,3	600,5	629,4	643,4
Жеке тұлғаларда	66,6	68,8	71,0	54,1	60,9
Шаруалық (фермерлік) шаруашылықтарда	0,2	-	-	-	-
Өз бетімен жұмыспен қамтылғандар, соның ішінде	56,7	61,1	59,5	59,6	60,2
Жұмыс берушілер	6,6	6,6	6,4	4,7	12,1
Дербес қызметкерлер	48,6	53,4	53,1	54,9	48,1
Өндірістік кооперативтің мүшелері	-	-	-	-	-
Отбасылық кәсіпорындардың ақы төленбейтін қызметкерлері	1,5	1,1	-	-	-

Халықтың жұмыссыздығы тек экономикалық қана емес, әлеуметтік мәселе болып табылады. Жұмыссыздарға халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, зерттеліп отырған кезең ішінде бір уақытта үш негізгі критерийге сай болған адамдар жатады, олар: жұмысы болмағандары (табысты жұмысы болмағандары), оны іздеуімен белсенді түрде айланысқандары, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге дайын болғандары.

Жұмыссыздық деңгейі – экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздар санының пайызбен өлшенген үлесі. Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының деректері бойынша, жұмыссыздық деңгейі 2014 жылы 5,5%-ды құрап, Мәскеуден 3 есе, Куала-Лумпурдан 2 есе, Бостоннан 1,4 есе жоғары екендігі анықталды. 2010 жылмен салыстырғанда жұмыссыз халықтың саны 45,5 мың адамнан 44,8 мың адамға кеміген, сәйкесінше жұмыссыздық деңгейі 6,3%-дан 5,5%-ға төмендеді. Бұл жағдай жалпы республикаға тән болып келеді [1].

Қазіргі кезде Қазақстанда басқа көптеген елдермен салыстарғанда адамның еңбегі төмен бағалануда. Мысалы, Швецияда – 30, Германияда – 28, Австралияда – 22, Францияда – 15 долларды құрайды. Ал Қазақстанда 0,10 доллар [3].

3-кесте.

15 жастағы және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан енжар халық [2]

	2010	2011	2012	2013	2014
Жұмыссыз халық, мың адам	45,5	41,7	43,6	44,4	44,8
Жұмыссыздық деңгейі, пайыз	6,3	5,6	5,6	5,6	5,5
Экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық, мың адам	386,3	388,1	399,7	399,2	396,0
Экономикалық тұрғыдан енжарлығының (әрекетсіздігінің) деңгейі, пайыз	34,8	34,4	34,0	33,6	32,9

Жалпы алғанда, 2014 жылы қалалық еңбек нарығындағы жағдай тұрақты болып сақталды, жұмыссыздық көлемінің артуы байқалған жоқ. Тіркелген жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халықтың 0,1%-ын құрады. Жұмыссыздар мәселесін шешуде шаралар қабылдануда, іс шаралармен 6369 адам қамтылды, оның ішінде 3422 адам жұмысқа орналастырылды.

Әр түрлі қолдау құралдарын қолданудың арқасында 2014 жылы қосымша 23 мың жұмыс орындары құрылды, оның ішінде сауда саласына -37,0 %, өнеркәсіпке - 11,3 %, құрылысқа - 9,4 % үлес салмағы тиесілі.

Жұмыссыздық деңгейін 5%-ға дейін қысқарту еңбек нарығын дамыту мен қала халқын әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттарына айналады. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде қоғамдық жұмыстар мен әлеуметтік жұмыс орындары арқылы жұмыспен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады. Жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру үшін күш-жігер жұмыссыздарды еңбек нарығында барынша сұранысқа ие кәсіптер бойынша қайта даярлау және біліктілігін арттыруға бағытталатын болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің бағалауы бойынша, 2014 жылғы 4-ші тоқсанда халықтың орта есеппен жан басына шаққанда атаулы ақшалай табыстары Алматы қаласында 123179 теңге құрап, 2013 жылғы 4-ші тоқсанға қарағанда 9,2%-ға өсті, нақты ақшалай табыстары аталған кезең ішінде – 2%-ға өсті.

6-кесте.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер және жұмысқа орналасқандардың саны, адам [2]

	2010	2011	2012	2013	2014
Жыл басынан, жұмыс мәселесімен келген азаматтардың саны	14 459	8005	6693	6375	6369
Оның ішінде, жұмыспен қамтылғандар	5107	5636	3058	3250	3422
Жыл аяғында, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтардың	5739	8005	6693	6375	6369

саны					
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздар үлесі, пайыз	0,5	0,4	0,1	0,1	0,1

Халықты жұмыспен қамту тек экономикалық емес әлеуметтік те проблема болып табылады. Ол халық өмірінің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету, әр адамның кәсіптік мүмкіншіліктерін дамытуды қалыптастыруда айқындаушы рөлді атқарады. Жұмыспен қамту проблемасын әлеуметтік бағдарламалар бойынша мемлекет басшының өкімі мен шешімдерін орындай бастаған мемлекет ғана шеше алады. Белгіленген мақсаттарға қол жеткізудің құралы еліміздің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес әзірленген «Алматы-2020» бесжылдық даму Бағдарламасы болып табылады. Бағдарламаны іске асырудың негізі Бес институционалдық реформа және Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары болып табылады.

Бүгінде еңбек күші стратегиялық ойлау, тапқырлық, мәдениеттілік тағы басқа сол сияқты қабілеттіліктерге иемденуі қажет. Ол үшін адам ресурстарын әрдайым дамытып отыру қажет.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік нарықта өзінің бәсекелестік позициясын орнықтыру үшін мемлекеттің рөлін күшейтіп, экономиканың стратегиялық басқаруын дамытуы және кадрлық саясатты көтеруі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алматы қаласының Статистика департаменті. Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері // Алматы, 2014 ж.
2. Алматы қаласының Статистика департаменті. «Алматы 2014 жылы» Алматы қаласының статистикалық жылнамалығы. Алматы, 2015 ж.
3. Рынок труда в Республике Казахстан в 2009-2011 годах: состояние и тенденции развития/ Труд в Казахстане №10 2011